ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 26 шілде №2301-23-00-2/1297 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Ш.Т.Мұхтаудың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Индер аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Beka» Амангельды Сидешович Кабесов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілдері А.Аскарова
Жауапкердің өкілі А.Айсагали

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 19 сәуірде мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №110 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «Тактильная дорожка» тауарын жеткізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 645 777 теңге, орындау мерзімі – Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күн ішінде, 2023 жылғы 19 мамырға дейін.

Күні бүгінге дейін шарт бойынша алынған міндеттемелер орындалмай, тауар жеткізілмеген.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары мүлдем орындалмағанын, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Талап қою арызға қарсы пікір ұсынылмады.

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О.Ш., 02.08.2023

Сот отырысында жауапкер өкілі А.Айсагали талап арызды мойындамай, қымбатқа шығып кетуіне байланысты шартты орындауға мүмкіндік болмағанын көрсетіп, талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2023 жылғы 19 сәуірде мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде талап қоюшы мен жауапкер арасында мемлекеттік сатып алу туралы №110 келісім-шарт жасақталған. 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «Тактильная дорожка» тауар жеткізуге міндеттенген. Орындау мерзімі – Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күн ішінде, 2023 жылғы 19 мамырға дейін.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері орындалмай, тауар шартта көрсетілген мерзімде жеткізілмей, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын, мүгедектерге арналған «Тактильная дорожка» жеткізілмей, шарт орындалмағанын көрсетті.

Жауапкер өкілі міндеттеме орындалмағанын жоққа шығармады, шарт орындалған жағдайда қаржылай шығын көп шығатынын көрсетті.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

Құжатқа қол қойылған: Дауренова О. Ш., 02.08.2023

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Индер аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Beka» Амангельды Сидешович Кабесовті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Beka» Амангельды Сидешович Кабесов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Beka» Амангельды Сидешович Кабесовтан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья

О.Ш.Даурешова

Көшірмесі дұрыс

Судья

О.Ш.Даурешова

Анықтама: Шешім заңды күшіне 2023 жылғы 05 қыркүйекте енді.

Судья

О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 02.08.2023